



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7M04 - Бизнес, басқару және құқық
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

7M041 – Бизнес және басқару
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

0410
(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

M070 – Экономика
(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

7M04115 – Экономика және басқару
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

Магистр
(дайындық деңгейі)

Семей

Білім беру бағдарламасы

7M04 – Бизнес, басқару және құқық
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

7M041 - Бизнес және басқару
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

0410

(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

M070 - Экономика

(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

7M04115 - Экономика және басқару
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

Магистр

(дайындық деңгейі)

АЛҒЫ СӨЗ

Әзірленді

Қазақстан Республикасы ҒжЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы (жаңа редакцияда - 20.02.2023 № 66) ЖжЖООкББМЖМС негізінде 7М041 - Бизнес және басқару даярлау бағыты бойынша 7М04115 - Экономика және басқару білім беру бағдарламасы Академиялық комитетінде

АК құрамы	Аты- жөні, толық	Ғылыми лауазымы, атағы, қызметі
АК жетекшісі	Зейнуллина Айгуль Жумағалиевна	"Экономика және қаржы" кафедрасының меңгерушісі
БББ менеджері	Оразғалиева Арайлым Канатовна	PhD докторы, "Экономика және қаржы" кафедрасының қауымдастырылған профессоры
АК мүшесі	Кажиева Жания Хайдаровна	"Экономика және қаржы" кафедрасының қауымдастырылған профессоры, э.ғ.к..
АК мүшесі	Қуантқан Биболат	"Экономика және қаржы" кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.к.
АК мүшесі	Абжаков Серик Талгатбекович	ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Абай облысындағы филиалының директоры
АК мүшесі	Калдыбаев Мугаммар Музафарович	«КХ Новая Заря» ЖШС, экономист
АК мүшесі	Қанатқызы Марал	МЭУ-301 тобының магистранты
АК мүшесі	Клишанец Юлия	МЭУ-301 тобының магистранты

ПІКІР БЕРІЛДІ

Аты- жөні, толық	Қызметі, жұмыс орыны
Айкымбеков Е.М	Абай облысы бойынша Мемлекеттік қызмет департаменті директорының орынбасары

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

Гуманитарлық-экономика факультетінің Академиялық сапа жөніндегі комиссия отырысында
Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды
2024 жылы "11" қаңтар, №3 хаттама

Бизнес жоғары мектебінің Академиялық сапа жөніндегі комиссия отырысында
Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды
2024 жылы "06" маусым, №1 хаттама

БЕКІТІЛДІ

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында, 2024 жылғы "19" қаңтардағы № 6/1 хаттама.

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында, 2024 жылғы 28 маусыдағы № 11 хаттама

Мазмұны

1. Кіріспе
2. Білім беру бағдарламасының паспорты:
 - 2.1. Білім беру бағдарламасының мақсаты;
 - 2.2. Білім беру бағдарламасы шеңберінде даярлау бейінінің картасы:
 - Білім беру саласының жіктелуі және коды;
 - Даярлау бағытының жіктелуі және коды;
 - Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код;
 - Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды;
 - Білім беру бағдарламасының коды және атауы;
 - 2.3. БББ айрықша ерекшеліктері (қос дипломды/бірлескен, ЖЖОКБҰ-серіктес, double major, инновациялық);
 - 2.4. Түлектің біліктілік сипаттамасы:
 - Берілетін дәреже / біліктілік;
 - Кәсіптік стандарттың атауы;
 - Жаңа мамандықтар атласы;
 - Өңірлік стандарт;
 - Кәсіп атауы / маманның қызметінің тізімі;
 - СБШ (салалық біліктілік шеңбері) бойынша біліктілік деңгейі;
 - Кәсіби қызмет саласы;
 - Кәсіби қызмет нысаны;
 - Кәсіби қызмет түрлері;
 - 2.5. Бітіруші түлек моделі.
3. Білім беру бағдарламасының модульдері мен мазмұны
4. Білім беру бағдарламасындағы көлемін көрсететін жиынтық кесте 7M04115 - Экономика және басқару»

1.Кіріспе

1.1.Жалпы деректер

Гуманитарлы - экономикалық факультетінің Экономика және қаржы кафедрасында жүзеге асырылатын 7М04115 Экономика және басқару білім беру бағдарламасы аймақтың еңбек нарығының қажеттіліктері мен жұмыс берушілердің пікірлерін ескере отырып жасалған. Магистратураның 7М04115 Экономика және басқару білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде алынған білім мен дағдыларды қолдану түлекке лауазымдық орындардың кең шеңберіне үміткер болуға мүмкіндік береді және мемлекеттік билік органдарында, ұйымдарда, кәсіпорындарда, түрлі ұйымдық - құқықтық нысандағы мекемелерде мансаптық өсуді қамтамасыз етеді.

Магистратураны 7М04115 Экономика және басқару БББ өзектілігі әр түрлі меншік және шаруашылық нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар үшін экономист- менеджерлерге деген сұраныспен негізделген. Бірде бір компания экономистер мен менеджерлерсіз өмір сүре алмайды, фирма пайда бола салысымен талдау, жоспарлау және болжау, бизнес-процестерді ұйымдастыру және басқару жұмысына қажеттілік бірден пайда болады. Экономист- менеджер кәсіпорынның экономикалық қызметін жоспарлау және басқару бойынша өндірістің тиімділігі мен рентабельділігін, шығарылатын өнімнің сапасын арттыруға және олардың жаңа түрлерін игеруге, материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын оңтайлы пайдалану кезінде жоғары түпкі нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған жұмысты орындайды.

Білім беру бағдарламасын іске асыру кезінде оқу процесінде тез өзгертін технологиялық ортада білім алушылардың цифрлық құзыреттерін дамыта отырып, жасанды интеллект құралдарын қолдану көзделеді.

Білім беру бағдарламасы жоғары оқу орны жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді оқытуды, сондай-ақ оның әлеуметтенуін және қоғамға кірігуін көздейді.

1.2.Қорытындылау критерийлері

Магистрлерді даярлау бойынша білім беру процесінің аяқталуының негізгі критерийі білім алушылардың теориялық оқытудың кемінде 88 кредит, оның ішінде: педагогикалық тәжірибе – 6 кредит, зерттеу тәжірибесі – 13 кредит, сондай-ақ МҒЗЖ – 24 кредит, магистрлік диссертацияны ресімдеуге және қорғауға 8 кредитін меңгеру болып табылады

1.3.Типтік оқу мерзімі: 2 жыл.

2. Білім беру бағдарламасының паспорты

2.1. Білім беру бағдарламасының мақсаты	Компанияның стратегиясын әзірлеп, іске асыратын, оны бәсекелестік жағдайында ілгерілететін, қаржылық және бизнес-шешімдер қабылдайтын, экономикалық және қаржылық жұмысты жүзеге асыратын, ҚР барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың өндірістік - шаруашылық қызметін талдау және жоспарлай алатын жоғары білікті мамандарды даярлау.
2.2. Білім беру бағдарламасы шеңберінде даярлау бейінінің картасы	
Білім беру саласының жіктелуі және коды	7M04 - Бизнес, басқару және құқық
Даярлау бағытының жіктелуі және коды	7M041 - Бизнес және басқару
Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код	0410
Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды	M070 - Экономика
Білім беру бағдарламасының коды және атауы	7M04115 - Экономика және басқару
2.3. БББ айрықша ерекшеліктері (қос дипломды/бірлескен, ЖЖОКБҰ-серіктес, double major, инновациялық)	-
2.4. Түлектің біліктілік сипаттамасы	
Берілетін дәреже / біліктілік	7M04115- Экономика және басқару білім беру бағдарламасы бойынша экономика ғылымдары магистрі
Кәсіптік стандарттың атауы	- Фирманың ресурстарын жоспарлау және талдау саласындағы қызмет -Тәуекел менеджменті - Қаржылық менеджмент - Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандарты
Жаңа мамандықтар атласы	-
Өңірлік стандарт	-
Кәсіп атауы / маманның қызметінің тізімі	Бас экономист; Бизнес-кеңесші; Экономист-логистик; Жоспарлау бойынша экономист; Сату бойынша экономист; Еңбек жөніндегі экономист; Қаржы жұмысы жөніндегі экономист (қаржы жөніндегі маман); Экономист; Экономист-талдаушы; Барлық санаттағы және деңгейдегі басқарушы персонал; Құрылымдық бөлімшелердің басшылары; Жергілікті және мемлекеттік басқару органдарының жоғары және орта буын басшылары; Әртүрлі мемлекеттік әкімшілік құрылымдардағы мемлекеттік қызметшілердің лауазымдары (Президент аппараты, Премьер-министр кеңесі,

	<p>Министрлер аппараттарындағы, барлық деңгейдегі әкімдердегі); Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұлттық компаниялардың, жеке кәсіпорындардың және т.б. менеджері Бизнес-талдаушы; Инвестициялық жобалармен жұмыс жөніндегі маман; Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын басқару саласындағы маман; Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге бағаны болжау және сараптау жөніндегі маман; ЖОО-да оқытушы.</p>
СБШ (салалық біліктілік шеңбері) бойынша біліктілік деңгейі	7
Кәсіби қызмет саласы	<ul style="list-style-type: none"> - шаруашылық жүргізуші субъектілердің әлеуметтік-экономикалық қызметін экономикалық, әртүрлі меншік нысанындағы ұйымдардың, мекемелердің, кәсіпорындардың экономикалық, қаржылық, өндірістік-экономикалық және талдау қызметтерін реттеу; - кәсіпорындардың экономикалық стратегиясы мен саясатын қалыптастыру; - ұйымды тиімді басқаруды қамтамасыз ету, мемлекеттік және жергілікті басқару жүйелерін ұйымдастыруға және жұмыс істеуіне қатысу, әлеуметтік-экономикалық даму үрдістеріне сәйкес басқаруды жетілдіру; - кәсіпорынның менеджмент жүйесін жетілдіру.
Кәсіби қызмет нысаны	Қызмет түріне, мөлшеріне, меншік нысанына қарамастан ұйымдар мен кәсіпорындар.
Кәсіби қызмет түрлері	<p>Ұйымның экономикалық қызметін жүзеге асыру; Тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағаларды болжау және қалыптастыру бойынша қызметті жүзеге асыру және баға демпингін сараптау; Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетігін пайдалана отырып, инвестициялық жобаларды басқару; Бизнес-проблемаларды анықтау, мүдделі тараптардың қажеттіліктерін анықтау, шешімдерді негіздеу және ұйымда өзгерістер жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі қызмет; Қаржыландырудың әртүрлі нысандарын қолдана отырып, инвестициялық жобаларды іске асыру; Ұйымдастыру-технологиялық қызмет; Ақпараттық-талдау қызметі; Сараптамалық-кеңес қызметі; Ұйымдастырушылық-басқару қызметі; Ғылыми-зерттеу қызметі; Білім беру немесе педагогикалық қызмет.</p>
2.5.Бітіруші түлек моделі	«7М04115 – Экономика және басқару» ББ түлегінің моделі

3. Білім беру бағдарламасының модульдері мен мазмұны

Модуль 1. Социолінгвистикалық және ғылыми-педагогикалық қызмет

Модуль мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Модуль пәндері

Шет тілі (кәсіби)

Ғылым тарихы мен философиясы

Жоғары мектептің педагогикасы

Басқару психологиясы

Педагогикалық практика

Модуль 2. Инвестициялық-инновациялық экономика

Модуль мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Модуль пәндері

Экономиканың инновациялық дамуы және бәсекеге қабілеттілігі

ҚР-да өндіріс пен басқарудың ұйымдастырушылық нысандарын дамыту

Стратегиялық жоспарлау және мемлекеттік басқарудағы бюджеттік процестер

Аймақ экономикасының дамуын талдау және бағалау

Экономикалық зерттеулердің әдістемесі

Микро-макроэкономикалық талдау

Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы I

Фирманың экономикасы (ілгерілемелі курс)

Қазіргі әлемдегі бейімделген экономика

Инновациялық бизнесті мемлекеттік қолдау

Мемлекет және бизнес

Инновациялық бағдарламаларды инвестициялау

Коммерциялық баға жасау

Кәсіпкерлікті дамытудағы коучинг

Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы II

Бизнестің нарықтық құнын бағалау

Инновациялық бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру

Бизнесті дамытудың стратегиялық модельдері

Зерттеу практикасы

Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы III

Модуль 3. Ұйымдастыру-басқарушылық қызмет

Модуль мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Модуль пәндері

Кәсіпорынның дағдарысқа қарсы саясаты

Мемлекеттік қызметті ұйымдастыру (ілгерілемелі курс)

Жоспарлаудың қазіргі технологиялары мен аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын болжау

Стратегиялық менеджмент

Инновациялық белсенді ұйымдағы стратегиялық басқару

Қазіргі заманғы мемлекеттік басқару теориясы мен механизмі

Бизнес-процестерді талдау және жобалау

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау

Мемлекеттік және жеке серіктестік

Инвестицияның тиімділігін бағалау

Жобалар менеджменті

Экономиканы басқарудағы цифрлық технологиялар мен инновациялар

Аймақтық басқарудағы дағдарысқа қарсы менеджмент

Аумақтарды дамытуды стратегиялық басқару жүйесіндегі кластерлік саясат

Жеткізу тізбегін қалыптастыру және басқару

Қорытынды аттестаттау

Модуль мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Модуль пәндері

4.Білім беру бағдарламасындағы көлемін көрсететін жиынтық кесте

«7M04115 - Экономика және басқару»

Пән атауы	Цикл / компо- не нт	Семестр	Кредиттер саны	Барлық сағат саны	Дәріс	Пр. / Сем.	Зерт	ОБА ӨЖ	БАӨ Ж	Білімді бақылау нысаны
Модуль 1. Социоллингвистикалық және ғылыми-педагогикалық қызмет										
Шет тілі (кәсіби)	БП/ ЖООК	1	3	90		30		20	40	Емтихан
Ғылым тарихы мен философиясы	БП/ ЖООК	1	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Жоғары мектептің педагогикасы	БП/ ЖООК	1	3	90	15	15		20	40	Емтихан
Басқару психологиясы	БП/ ЖООК	1	3	90	15	15		20	40	Емтихан
Педагогикалық практика	БП/ ЖООК	3	6	180						Практика бойынша қорытынды баға
Модуль 2. Инвестициялық-инновациялық экономика										
Экономиканың инновациялық дамуы және бәсекеге қабілеттілігі	БП/ТК	1	5	150	15	30		35	70	Емтихан
ҚР-да өндіріс пен басқарудың ұйымдастырушылық нысандарын дамыту	БП/ТК	1	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Стратегиялық жоспарлау және мемлекеттік басқарудағы бюджеттік процестер	БП/ТК	1	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Аймақ экономикасының дамуын талдау және бағалау	БеП/ТК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Экономикалық зерттеулердің әдістемесі	БеП/ ЖООК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Микро-макрэкономикалық талдау	БеП/ТК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы I	БеП/ ЖООК	2	11	330						Практика бойынша қорытынды баға
Фирманың экономикасы (ілгерілемелі курс)	БеП/ТК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Қазіргі әлемдегі бейімделген экономика	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Инновациялық бизнесті мемлекеттік қолдау	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Мемлекет және бизнес	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Инновациялық бағдарламаларды инвестициялау	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Коммерциялық баға жасау	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Кәсіпкерлікті дамытудағы коучинг	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы II	БеП/ ЖООК	3	4	120						Практика бойынша қорытынды баға

Бизнестің нарықтық құнын бағалау	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Инновациялық бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Бизнесті дамытудың стратегиялық модельдері	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Зерттеу практикасы	БеП/ ЖООК	4	13	390						Практика бойынша қорытынды баға
Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы III	БеП/ ЖООК	4	9	270						Практика бойынша қорытынды баға
Модуль 3. Ұйымдастыру-басқарушылық қызмет										
Кәсіпорынның дағдарысқа қарсы саясаты	БП/ТК	1	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Мемлекеттік қызметті ұйымдастыру (ілгерілемелі курс)	БП/ТК	1	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Жоспарлаудың қазіргі технологиялары мен аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын болжау	БП/ТК	1	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Стратегиялық менеджмент	БП/ТК	1	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Инновациялық белсенді ұйымдағы стратегиялық басқару	БП/ТК	1	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Қазіргі заманғы мемлекеттік басқару теориясы мен механизмі	БП/ТК	1	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Бизнес-процестерді талдау және жобалау	БеП/ТК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау	БеП/ТК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Мемлекеттік және жеке серіктестік	БеП/ТК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Инвестицияның тиімділігін бағалау	БеП/ТК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Жобалар менеджменті	БеП/ТК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Экономиканы басқарудағы цифрлық технологиялар мен инновациялар	БеП/ТК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Аймақтық басқарудағы дағдарысқа қарсы менеджмент	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Аумақтарды дамытуды стратегиялық басқару жүйесіндегі кластерлік саясат	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Жеткізу тізбегін қалыптастыру және басқару	БеП/ТК	3	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Қорытынды аттестаттау										
Магистрлік диссертацияны қорғау		4	8	240						

«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ДАМУ ЖОСПАРЫ

7M04115 - Экономика және басқару
(БББ коды және атауы)

2024-2026 жылдарға арналған

Семей 2024 ж.

Мазмұны

№	Бөлімдердің атауы	Беттер
1.	Білім беру бағдарламасының даму жоспарының төлқұжаты	3
2.	Білім беру бағдарламасының аналитикалық негіздемесі	3
2.1	Білім беру бағдарламасы туралы ақпарат	3
2.2	Білім алушылар туралы мәлімет	4
2.3	Білім беру бағдарламасы дамуының ішкі және сыртқы жағдайлары	4
2.4	Білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын педагогикалық ұжым туралы ақпарат	6
2.5	Білім беру бағдарламасы жетістіктерінің сипаттамалары	7
3	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының негізгі мақсаттары	8
4	Білім беру бағдарламасының тәуекелдерін талдау	8
5	Білім беру бағдарламасын дамыту бойынша іс-шаралар жоспары	9

**1. Білім беру бағдарламасының даму жоспарының төлқұжаты 7M04115 - Экономика және басқару
(БББ атауы)**

1	Даму үшін негіздеме	«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы Мектептің жұмыс жоспары
2	Іске асыру мерзімі	2024-2026 жылдар
3	Іске асырудан күтілетін нәтижелер	Компанияның стратегиясын әзірлеп, іске асыра алатын, оны бәсекелестік жағдайында ілгерілеті алатын, қаржылық және бизнес-шешімдер қабылдай алатын, экономикалық және қаржылық жұмысты, ҚР меншігінің барлық нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың өндірістік-шаруашылық қызметін талдау мен жоспарлауды жүзеге асыра алатын жоғары білікті мамандарды даярлау.

2. Білім беру бағдарламасының аналитикалық негіздемесі

2.1 Білім беру бағдарламасы туралы ақпарат

Білім беру бағдарламасы Дублин дескрипторлары мен Еуропалық біліктілік шеңберіне сәйкес ұлттық біліктілік шеңберіне және кәсіби стандарттарға сәйкес әзірленген. Магистранттың білім беру бағдарламасын игерудің әдеттегі мерзімі – 2 жыл.

«7M04115 – Экономика және басқару» БББ Академиялық комитеті әзірледі.

.Магистрлерді даярлау бойынша білім беру процесінің аяқталуының негізгі критерийі білім алушылардың кемінде 120 кредитті, оның ішінде теориялық оқытудың кемінде 88 кредитін игеруі болып табылады, сонымен қатар педагогикалық практика – 6 кредит, зерттеу практикасы – 13 кредит, сондай – ақ ҒЗТҚЖ-24 кредит, магистрлік диссертацияны ресімдеуге және қорғауға 8 кредит және «7M04115 – Экономика және басқару» білім беру бағдарламасы бойынша экономика ғылымдарының магистрі дәрежесі беріледі.

Гуманитарлық-экономика факультетінің «Экономика және қаржы» кафедрасында іске асырылатын «7M04115 – Экономика және басқару» білім беру бағдарламасы өңірлік еңбек нарығының қажеттіліктері мен жұмыс берушілердің пікірін ескере отырып әзірленді. Магистратураның «7M04115 – Экономика және басқару» білім беру бағдарламасын игеру нәтижесінде алынған білім мен дағдыларды қолдану түлекке кең лауазымдық позицияларға ие болуға мүмкіндік береді және мемлекеттік органдарда да, ұйымдарда, кәсіпорындарда, әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы мекемелерде де мансаптық өсуді қамтамасыз етеді. «7M04115 – Экономика және басқару»

бірегейлігі - орындалатын міндеттердің кең спектрімен байланысты екі мамандықтың түйіскен жерінде экономика және менеджмент бағыты бойынша магистрлерді даярлау: талдау жұмыстарын жүргізу, жоспарлау және болжау, бизнес-процестерді ұйымдастыру және басқару.

«7М04115 – Экономика және басқару» білім беру бағдарламасының өзектілігі әртүрлі меншік және шаруашылық нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдар үшін экономист–менеджерлерге деген сұранысқа байланысты. «7М04115 – Экономика және басқару» білім беру бағдарламасы білім беру, әдіснамалық, зерттеу және педагогикалық даярлықты және экономикалық пәндерді тереңдетіп оқытуды көздейді.

2.2 Білім алушылар туралы мәлімет

Оқыту негізі \ Оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
Грант	4	5
Шарт	-	-
Барлығы	4	5

2024-2025 оқу жылында «7М04115 – Экономика және басқару» білім беру бағдарламасы бойынша 4 магистрант оқиды, оның ішінде барлығы да жалпы білім беру гранты бойынша – 4.

2.3 Білім беру бағдарламасы дамуының ішкі және сыртқы жағдайлары

«7М04115 – Экономика және басқару» білім беру бағдарламасын іске асыру үшін факультетте және тиісінше «Экономика және қаржы» кафедрасында барлық тиісті шарттар бар: нормативтік және материалдық-техникалық база, әдістемелік қамтамасыз ету, білікті кадрлар құрамы, оқу процесін ұйымдастыру және өткізу.

Оқу жұмыс жоспары міндетті және элективті компоненттер арасындағы пропорцияларды ескере отырып жасалады. Кредиттердегі еңбек сыйымдылығын көрсете отырып, барлық міндетті пәндерді, практиканың барлық түрлерін және оқу жұмысының басқа түрлері оқу жылы басталғанға дейін бекітіледі (жұмыс оқу жоспары). Оқу жұмыс жоспарларын, элективті пәндерді және олардың каталогтарын әзірлеу және бекіту тәртібі «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы) реттеледі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылғы 27 мамырда № 6976 болып тіркелді.).

Элективті пәндер каталогтарын қалыптастыруда білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде жұмыс берушілердің мүдделерін ескеру мақсатында практикалық қызметкерлер, база практика басшылары белсенді қатысады.

Материалдық-техникалық база: заманауи жабдықталған аудиториялар, кітапхана, компьютерлік сыныптар, проекторлар, интернет-ресурстар. «Экономика және қаржы» кафедрасында зерттеу базасы үнемі және жоспарлы түрде жаңартылып, жетілдіріліп, кеңейтіліп отырады. Магистранттардың оқу-жаттығу жұмыстарын өз бетінше орындау үшін үлкен мүмкіндіктері бар. Магистранттарды практикалық

даярлауға үлкен мән бере отырып, кафедра ғылыми немесе кәсіптік тағылымдамалар мен зерттеу практикаларын ұйымдастыру және өткізу, практика базаларын іріктеу, оны әдістемелік қамтамасыз ету, басшылық ету және бақылау бойынша жеткілікті жұмыс жүргізеді. Магистранттардың ЖОО-да практикадан өтуі оқу процесінде басым және маңызды бағыт болып табылады. Практика базасын магистрант өзі таңдайды немесе ЖОО ұсынады. Экономика және қаржы кафедрасындағы Экономика және басқару ББ бойынша практиканың тұрақты базаларының бірі «Тамаша Сауда» ЖШС, ЖШС, «Kondiz» ЖШС, «Абай облысының Семей қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаменті» Республикалық мемлекеттік мекемесі болып табылады.

Практиканы жүзеге асыру үшін базалық объектілердің сапасы қойылатын талаптарға сәйкес келеді, қала және облыс кәсіпорындарымен шарттар жасалды.

ЖОО тарапынан магистранттардың практикасын ұйымдастыруды және оқу-әдістемелік басшылықты практика жетекшісі тағайындайтын ПОҚ қатарынан кафедра жүзеге асырады. Практикадан өту орындары мамандық бейініне сәйкес келеді, практиканың барлық түрлері оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етіледі, практикадан өту есептер түрінде ресімделеді, олар ЖОО талаптарына сәйкес тіркеледі және ресімделеді.

Порталда ais.semgu.kz электрондық журналда қазақ және орыс тілдерінде оқытылатын барлық пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдар, кейстер қоры, іскерлік ойындар, бейне дәрістер және бағдарламалық қамтамасыз ету орналастырылған. Университеттің университеттің shakarim.edu.kz ресми сайтында жеке паракшасы бар.

Отандық және шетелдік жоғары оқу орындарында, әртүрлі меншік нысанындағы ұйымдарда біліктілікті арттыру курстары мен ғылыми тағылымдамалардан өту арқылы, сондай-ақ бейіні бойынша жетекші мамандарды, таяу шетелдің жоғары оқу орындарынан ғалымдарды шақыру арқылы оқытушылардың біліктілігін арттыруға ерекше назар аударылады.

ЖОО арасындағы шартқа сәйкес ББ білім алушылары академиялық ұтқырлық бойынша оқудан өтеді. Академиялық ұтқырлық жеке даму үшін де маңызды-басқа академиялық және әлеуметтік жағдайларда оқу (жұмыс) тәжірибесін алу, сондай-ақ ЖОО-да білім беру процесін жаңарту үшін. Бұл тек жоғары оқу орнының ғана емес, сонымен қатар болашақ мамандардың бірыңғай еңбек нарығының қатысушылары ретінде бәсекеге қабілеттілігіне ықпал етеді. Проблемаларға қарамастан, білім беру бағдарламалары мен оқыту технологияларының сапасын жаңғырту мен арттырудың сөзсіз себебі болып табылатын академиялық ұтқырлық процесін одан әрі дамыту қажет. Білім алушылардың ұтқырлық әлеуеті айтарлықтай дәрежеде таусылған жоқ және кафедра білім алушылардың алдына осы бағытты дамыту бойынша мақсаттар қояды.

Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша кафедра М.Ақмолла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университетімен (Ресей), *Bydgoszez in Economy University* (Польша), *Kyungdong University* (South Korea) және басқалармен ынтымақтастықты жүзеге асырады. 2023 жылы Леонардо да Винчи университетінің Менеджмент мектебімен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды (Париж, Франция), <https://www.instagram.com/reel/CloCLHNqgwp/?igshid=Mtc4MmM1YmI2Ng> және халықаралық инновациялық технологиялар университетімен (Бішкек қ., Қырғыз Республикасы). Шетелдік жоғары оқу орындарының өкілдері магистранттар мен оқытушылар үшін білім беру бағдарламаларын бірлесіп іске асыруды, академиялық алмасуларды, жазғы және қысқы мектептерді ұйымдастыруды ұсынады. Ғылыми және инновациялық жобаларға арналған идеялар бар.

Оқыту сапасын арттыру мақсатында «7М04115 – Экономика және басқару» ББ іске асыруға жұмыс берушілер, стейкхолдерлер шақырылады. Атап айтқанда, ББ әзірлеуге тәжірибелі мамандар мен жұмыс берушілер белсенді қатысты: ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының облыстағы филиалының директоры Абжаков С.Т., «Новая Заря ШҚ» ЖШС экономист Қалдыбаев М. М., «Семей цемент зауыты» ЖШС Бас директоры Тлеубаев Т.Е.

2.4 Білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын педагогикалық ұжым туралы ақпарат

Білім беру бағдарламасын іске асыруды « әдетте мамандық бейініне сәйкес келетін базалық білімі бар және ғылыми және (немесе) ғылыми-әдістемелік қызметпен жүйелі түрде айналысатын ғылыми-педагогикалық кадрлар қамтамасыз етеді магистранттарды оқытуды ЖОО-да оқытуда көп жылдық тәжірибесі бар тәжірибелі оқытушылар, профессорлар, ғылым кандидаттары жүргізеді. «Экономика және қаржы» кафедрасында штаттық оқытушылардың жалпы саны 15 адамды құрайды, оның ішінде ғылым кандидаттары – 8, PhD докторлары – 5, оқытушылар – 2. Ғылыми дәрежелік пайызы – 86,7 %.

«Экономика және қаржы» кафедрасының кадрлық құрамы ҚР заңнамасына, «Жоғары оқу орындарының ғылыми-педагогикалық персоналы лауазымдарын конкурстық ауыстыру қағидаларына» сәйкес жасақталған.

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
1	БББ бойынша ғылыми дәрежесі бар ПОҚ үлесі	%	100	100
2	Оның ішінде ЖББ циклі бойынша ғылыми дәрежесі бар ПОҚ үлесі	%	90	90

Кафедра оқытушыларының біліктілігі, олардың сандық және сапалық құрамы білім алушыларды даярлау бағыттарына сәйкес келеді, лицензиялық талаптарға жауап береді және университеттің білім беру қызметінің кадрлық қамтамасыз етілгендігін куәландырады. Кафедраның барлық оқытушыларының тиісті базалық экономикалық білімі бар.

ПОҚ-ны жұмысқа қабылдау кезінде үміткердің бос лауазымға жоғары кәсіптік білімі, магистр академиялық дәрежесі, ғылым кандидаты немесе докторы, PhD докторы ғылыми дәрежесі, білімінің университет мамандықтарының бейініне сәйкестігі және т. б болуы міндетті шарт болып табылады. ЖОО сайтында білім беру бағдарламасы бойынша оқытушылар туралы ақпарат бар:

- оқытушылар тізімі,
- ол жүргізетін пәндердің тізімі,
- жетістіктердің қысқаша тізімі.

Бұл мәліметтерде сауалнама деректері, оқылатын пәндер туралы мәліметтер, оқытушының ғылыми қызығушылықтары, біліктілікті арттыру, байланыс деректері бар. ББ-ны іске асыратын ПОҚ жыл сайын өз біліктілігін арттырады, семинарларға, мастер-кластарға, тренингтерге және т.б. қатысады. Профессор-оқытушылар құрамы және халықаралық Scopus дерекқорларында индекстелетін, отандық немесе шетелдік ғылыми басылымдарда және ҚРБҒМСЖБ ұсынылатын журналдарда ғылыми мақалалар жариялайды.

2.5 Білім беру бағдарламасы жетістіктерінің сипаттамалары

Білім беру бағдарламасын игеру нәтижелері бітірушінің алған құзыреттерімен, оның кәсіби қызметтің міндеттеріне сәйкес білімін, іскерлігін, дағдыларын қолдану қабілеттерімен анықталады. Оқу барысында қалыптасқан оқыту нәтижелері мен құзыреттіліктер түлектердің моделі болып табылады.

ОП түлегінің моделі-бұл маман не үшін жарамды болуы керек, ол қандай функцияларды орындауға дайындалуы керек және қандай қасиеттерге ие болуы керек деген болжамды нәтиже. «7М04115 – Экономика және басқару» ББ бойынша түлек моделін құру Семей қ. Шәкәрім атындағы университет түлегінің базалық моделінің негізгі критерийлерін пайдаланып негізделген.

Түлектің құзыреттілігі

Құзыреттерді білім алушылар алған оқу нәтижелері мен практикалық тәжірибе негізінде алады. Білім беру бағдарламасын игеру нәтижесінде түлек келесі құзыреттерге ие болуы керек:

ON 1 кәсіби қызметте іргелі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативтік білім мен дағдыларды қолдану;

ON 2 экономика және басқару саласындағы проблемаларды зерттеу және ғылыми зерттеу жобаларын жүзеге асыру, әлеуметтік, ғылыми және этикалық ойларды ескеретін ғылыми негізделген қорытындылар әзірлеу;

ON 3 мемлекет пен кәсіпорын деңгейінде оларды іске асырудың негізгі проблемаларын анықтау мақсатында мемлекетті дамытудың стратегиялық инвестициялық - инновациялық бағдарламаларын талдай және бағалай білу;

ON 4 Цифрлық технологияларды дамытудың қазіргі заманғы үрдістерін және олардың экономиканы басқаруға әсерін зерттеу, экономика субъектілерін дамыту мен басқарудың цифрлық стратегияларын әзірлеу, цифрлық технологиялар негізінде шешім қабылдай білу, экономиканы басқарудың инновациялық тәсілдерін жасау;

ON 5 Экономикалық теория туралы білімді қоғамдық сипаттағы мәселелерге қолдану, атап айтқанда:

экономикалық өсу және прогресс; мемлекеттік саясат және жаһандық басқару; инновациялық зерттеулер; бағаны реттеу мәселелері

ON6 экономика субъектілерінің микро және макроэкономикалық дамуын талдау үшін ақпаратты бағалау және түсіндіру;

ON7 бизнесті жүргізудің заманауи әдістері негізінде сауатты және тиімді басқару шешімдерін қабылдау мақсатында кәсіпорындардың, ұйымдардың, әртүрлі меншік нысандарындағы ведомстволардың есептерінде қамтылған қаржылық, бухгалтерлік және өзге де ақпаратқа талдау жүргізу;

ON8 жаңа кәсіпорынды ұйымдастыруға қатысты жоспарлы және жобалық есептеулерді, арнайы құжаттаманы әзірлеуді, техникалық қайта жарақтандыруды, жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды реконструкциялауды және кеңейтуді; өнімнің жаңа түрлерін енгізуді дайындауды және жүргізуді жүзеге асыру;

ON9 басқарудың негізгі тұжырымдамалары мен сыни талдау дағдыларын білу негізінде тәуекелдерді ескере отырып, компанияның корпоративтік және функционалдық стратегиясын әзірлеу және бағалау;

ON10 аумақтарды басқарудағы кластерлік тәсілдің әдістері мен тетіктерін пайдалана отырып, аймақ экономикасын тиімді басқару үшін дағдарысқа қарсы шешімдерді әзірлеу;

ON11 басқару объектісінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және макро және мезо деңгейлерде тиімді басқару шешімдерін қабылдау бойынша шешім жолдарын әзірлеу үшін мемлекеттік және жергілікті басқару саласындағы білімді біріктіру.;

ON12 сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және қабылданған шешімдер үшін әлеуметтік, этикалық жауапкершілікті ескере отырып, мемлекеттік және жергілікті басқару саласында ұйымдастырушылық басқару шешімдерін қабылдау және іске асыру.

3. Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының негізгі мақсаттары

Білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен міндеттері әлеуетті тұтынушылардың талаптары мен сұраныстарын ескере отырып және әлеуетті жұмыс берушілердің, талапкерлердің мүдделерімен, ЖОО әлеуетімен, тұтастай алғанда мемлекет пен қоғамның талаптарымен айқындалатын білім беру бағдарламасының қажеттілігін бағалау негізінде тұжырымдалған.

«7M04115 – Экономика және басқару» ББ мақсаты – компанияның стратегиясын әзірлеп, іске асыра алатын, оны бәсекелестік жағдайында ілгерілетте алатын, қаржылық және бизнес-шешімдер қабылдай алатын, экономикалық және қаржылық жұмысты, ҚР меншігінің барлық нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың өндірістік - шаруашылық қызметін талдау мен жоспарлауды жүзеге асыра алатын жоғары білікті мамандарды даярлау.

«7M04115 – Экономика және басқару» білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:

- Толыққанды, сапалы кәсіптік білім алу үшін жағдайларды жақсарту және жетілдіру;
- Болашақ мамандардың негізгі кәсіби құзыреттерін қалыптастыратын білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңартуды жүргізу;
- Ғылыми әзірлемелердің инновациялылығын арттыру және өндіріске енгізілген ҒЗЖ нәтижелерінің санын ұлғайту.

4. Білім беру бағдарламасының тәуекелдерін талдау

№	Тәуекелдердің атауы	Тәуекелдерді жою жөніндегі іс-шаралардың атауы
1	БББ бойынша білім алушылар контингенті төмендеуіне байланысты	Мамандықтың кең ауқымы мен бірегейлігі, сондай-ақ әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс істеу, магистранттар мен нарықтың сұраныстарына сәйкес Жұмыс оқу жоспарының мазмұнын өзгерту
2	Көптілділікті енгізу үшін тілді білудің жеткіліксіз деңгейі	Шәкәрім университеті өткізетін тілдік курстарға қатысу есебінен ПОҚ ағылшын тілін меңгеру және YouTube каналындағы платформалар және басқа да ақпараттық сайттар есебінен ағылшын тілін білуін арттыру
3	Жұмысқа орналасу деңгейі төмендеуі	Жұмыс берушілер мен нарық талаптарына сәйкес ЖОЖ макетінің мазмұнын жыл сайын жаңарту
4	Студенттер мен ПОҚ-ның сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығының жеткіліксіз дамуы	Академиялық ұтқырлық және тағылымдамалар шеңберінде магистранттар мен ПОҚ шақыру және алмасу бойынша серіктес ЖОО-лармен жұмыс, ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру және т. б.
5	БББ бойынша ПОҚ дәрежелілігінің төмендеу қаупі	Осы білім беру бағдарламасы бойынша аталған тәуекел жоқ.

6	Келтірілген (цитируемых) журналдардағы жарияланымдардың саны аз.	КРІ арқылы материалдық ынталандыру жүйесін енгізу арқылы жариялау белсенділігіне қызығушылықты арттыру.
7	Ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыруға қатысудың төмен пайызы.	КРІ арқылы материалдық ынталандыру жүйесін енгізу арқылы жобалар мен стартаптарға қатысуға қызығушылықты арттыру.

5. Білім беру бағдарламасын дамыту бойынша іс-шаралар жоспары

№	Критерийлер	Күтілетін нәтижелер	Өлшем бірлігі	2023-2024	2024-2025
Бағыт 1. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету					
1.1	Жұмыс берушілердің ұсынымдарын ескере отырып, кәсіптік стандарттар негізінде білім беру бағдарламасын жаңарту	Түлектердің тәжірибеге бағдарлануын арттыру және кәсіби құзыреттілігін дамыту мақсатында «7М04115 – Экономика және басқару» білім беру бағдарламасына сараптама жүргізу	факт	+	
1.2	Негізгі және кәсіби құзыреттерін, еңбек нарығының сұраныстарын дамытуға сәйкес элективті пәндер каталогтарын мониторингілеу және жаңарту	Еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес түлектердің негізгі және кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған элективті курстарды қосу арқылы білім беру бағдарламалары мазмұнының сапасын жақсарту.	факт	+	
1.3	Оқу процесіне білім алушылардың танымдық белсенділігін, коммуникативтік қабілетін дамытуға ықпал ететін заманауи оқыту технологияларын енгізу	Танымдық белсенділікті дамытуға ықпал ететін жұмыстардың жаңалығы мен алуан түрлілігін ескере отырып, оқу пәндерін оқыту сапасын жетілдіру.	факт	+	

1.4	Әлеуметтік әріптестер мен жұмыс берушілерді білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, іске асыру сараптамасына тарту	Нарықтың сұраныстары мен жұмыс берушілердің ұсынымдарын ескере отырып, іске асырылатын білім беру бағдарламаларының сапасын жақсарту	бірлік	«КХ Новая Заря» ЖШС, экономист Калдыбаев М.М.	-
1.5	Ағылшын тілінде элективті курстарды әзірлеу және енгізу	Оқу процесіне ағылшын тілінде пәндерді енгізу	бірлік	-	-
1.6	Оқу процесіне инновациялық технологияларды қолдану бойынша семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізу	Оқу процесіне инновациялық технологияларды енгізу	бірлік	-	Project Management бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдана отырып оқу курсы енгізу
1.7	Іске асырылатын БББ бойынша оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді басып шығару	Білім беру бағдарламаларының іске асырылатын пәндері бойынша оқу-әдістемелік қамтамасыздандыруды жетілдіру	бірлік	1	
1.8	Барлық деңгейдегі білім алушылар мен ПОҚ академиялық алмасуды дамыту мақсатында шетелдік және отандық серіктес жоғары оқу орындарымен шарттар жасасу	Барлық деңгейдегі білім алушылар мен профессорлық-оқытушылық құрамның академиялық алмасуын дамыту үшін шетелдік және отандық серіктес ЖОО-лардың базасын құру	бірлік	1	
1.9	Серіктес жоғары оқу орындарынан білім алушыларды семестрге, қысқа мерзімді тағылымдамаларға, практикаға және т. б. оқуға шақыру.	Білім беру бағдарламаларының Халықаралық танылуын дамыту, білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламаларын іске асыру	адам саны		-

1.10	ПОҚ мен білім алушылардың академиялық алмасудың халықаралық бағдарламаларына қатысуы	«7M04115 – Экономика және басқару» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын шетелдік университеттермен халықаралық ынтымақтастықты дамыту	адам саны		-
1.11	ПОҚ және білім алушылардың шығыс академиялық ұтқырлығын «7M04115 – Экономика және басқару» бағыты бойынша дамыту	Шетелдік жетекші жоғары оқу орындарында ұқсас бағдарламаларды іске асыру тәжірибесін пайдалану негізінде білім беру бағдарламасын жетілдіру	адам саны	1	1
Бағыт 2. Профессор-оқытушылар құрамы					
2.1	5 жылда бір рет білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін ғылыми-педагогикалық кадрлардың кәсіби деңгейін арттыру және даярлау	Республикалық және халықаралық деңгейде біліктілігін арттырудан өткен ПОҚ үлесі 20-дан кем емес%	адам саны	2	2
2.2	ПОҚ біліктілігін арттырудан, қайта даярлаудан, тағылымдамадан халықаралық деңгейде өтуі	ПОҚ біліктілігін арттыру, қайта даярлау, тағылымдамадан өту бағдарламасының кемінде 2 оқытушысының халықаралық деңгейде өтуі	адам саны	1	-
2.3	Web of Science және Scopus дерекқорларымен индекстелетін халықаралық басылымдарда ПОҚ еңбектерінің жарияланымдарын ілгерілету	ПОҚ жалпы санының кемінде 30% Web of Science және Scopus дерекқорларымен индекстелетін басылымдарда ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жариялаған ПОҚ үлесін ұлғайту	%	1	1

Бағыт 3. Білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру

3.1	Шетелдік жоғары оқу орындарымен халықаралық ынтымақтастық бойынша шарттар жасасу	Бірлескен жобаларды іске асыру, шетелдік әріптестермен ғылыми жарияланымдар дайындау, білім алушылардың ғылыми тағылымдамадан өтуі үшін базалар құру	бірлік	1	-
3.2	«7М04115 – Экономика және басқару» білім беру бағдарламасы бойынша оқу үшін шетелдік білім алушыларды тарту	Шетелдік білім алушылар санын ұлғайту	адам саны	-	-
3.3	Халықаралық әріптестермен бірлескен ғылыми-практикалық іс-шараларды ұйымдастыру	ПОҚ ғылыми және ғылыми-әдістемелік қызметінің тиімділігін арттыру, шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу	бірлік	1	
3.4	Магистрлік жобалар мен диссертациялар бойынша дәрістер мен консультациялар оқуға шетелдік мамандарды шақыру	Білім беру бағдарламаларын іске асыруда шетелдік мамандардың тәжірибесін енгізу негізінде білім беру бағдарламаларының мазмұндық компонентін жақсарту	бірлік	1	1
3.5	Білім беру бағдарламаларын іске асыруға неғұрлым білікті шетелдік мамандарды тарту мақсатында озық шетелдік ғылыми-білім беру ұйымдарымен ынтымақтастықты кеңейту	Жетекші жоғары оқу орындарының тәжірибесіне сәйкес негізгі және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру	адам саны	1	

Бағыт 4. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету және цифрландыру

4.1	Оқу аудиторияларын техникалық оқыту құралдарымен кезең-кезеңмен жабдықтау (проекторлар, панельдер, интерактивті және мультимедиялық тақталар, көпфункционалды құрылғылар, веб-камера, проекторға арналған экран)	Кафедраға бекітілген оқу аудиторияларын техникалық оқыту құралдарымен жарақтандыру (проекторлар, панельдер, интерактивті және мультимедиялық тақталар, көпфункционалды құрылғылар, веб-камера, проекторға арналған экран)	бірлік	+	
4.2	Білім беру процесін автоматтандыруды жүргізу (тестілеу, сессияны басқару, студенттер контингентінің қозғалысы, деканат, кафедра, ПОҚ жүктемесі, кесте, кітапхана, силлабустар)	Білім беру процесін автоматтандыру негізінде ақпаратты басқару (тестілеу, сессияны басқару, студенттер контингентінің қозғалысы, деканат, кафедра, ПОҚ жүктемесі, кесте, кітапхана, силлабустар)	факт	ais.semgu.kz. https://shakarim.edu.kz./ сайттарындағы барлық процестер	ais.semgu.kz. https://shakarim.edu.kz./ сайттарындағы барлық процестер
4.3	ПОҚ және білім алушылардың ғылыми зерттеулері нәтижелерінің толық мәтінді базасын, ПОҚ (мақалалар, монографиялар және т. б.) толықтыру	Ғалымдардың ғылыми еңбектері, ПОҚ және білім алушылардың зерттеулері, ПОҚ (мақалалар, монографиялар және т. б.) нәтижелерінің санын ұлғайту	бірлік	2	2
4.4	Ғылыми және оқу әдебиеті қорын, оның ішінде іске асырылатын білім беру бағдарламалары бойынша электрондық жеткізгіштерде кеңейту	Қазіргі заманғы білім беру және ақпараттық ресурстар негізінде, оның ішінде электрондық жеткізгіштерде білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ету	%	2	1

4.5	Факультет сайтын толықтыру және жетілдіру мониторингі	Білім беру бағдарламаларын іске асырудың әртүрлі аспектілері бойынша факультет сайтын қалыптастыру	%	100%	100%
4.6	Жұртшылықты ақпараттандыру	Өткізілетін іс-шараларды, ББ-ға енгізілетін өзгерістерді, алдағы іс-шаралар анонстарын жариялау арқылы әлеуметтік желілерде өз ББ-ны орналастыру бойынша жұмысты тұрақты жүргізу.	%	100%	100%


«7M04115 – Экономика және басқару» БББ менеджері  Оразғалиева А.К.

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының отырысында
Комиссия төрағасы  М.Искакова
2024 жылғы 06 маусымдағы №1 хаттамасы

КЕЛІСІЛДІ

Мектеп деканы
06.06.2024 жыл

 Зейнуллина А.Ж.